

Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 қаңтардағы № 549-IV Заны.

1992 жылғы 20 мамырда Вашингтонда жасалған Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісім

(Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі: Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің Қазақстан халқының игілігі үшін ізгілік көмек пен экономикалық және техникалық жәрдем көрсетуді жеңілдету мақсатындағы ынтымақтастыққа мүдделілікті тани отырып; осы жәрдемнің тиімділігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір практикалық іс-қимыл қабылдау қажеттігін тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

I бап. Салықтар және басқа да төлемдер: (A) АҚШ-тың жәрдемдесу бағдарламаларына байланысты берілетін немесе пайдаланылатын тауарлар, жеткізілімдер немесе басқа меншік Қазақстан немесе оған есеп беретін органдар белгілеген қандай да бір тарифтер, алымдар, кедендік баждар, импортқа салынатын салықтар немесе соған ұқсас басқа салықтар немесе алымдар салынбай Қазақстанға әкелінуі, одан әкетілуі немесе онда пайдаланылуы мүмкін. (B) АҚШ-тың жәрдемдесу бағдарламаларын орындауға жауапты АҚШ-тың кез келген үкіметтік немесе жеке ұйымы, сондай-ақ осындай жеке ұйымның Қазақстан азаматы болып табылмайтын немесе онда тұрақты тұрмайтын және онда осындай бағдарламаны жүргізуге байланысты болатын кез келген персоналды (1) АҚШ-тың жәрдемдесу бағдарламаларын орындауға байланысты алынатын кірістерге қатысты табысқа, әлеуметтік қамсыздандыруға салынатын кез келген салықтар мен Қазақстан немесе оған есеп беретін органдар белгілеген басқа да салықтардан және (2) осы персоналдың немесе олардың отбасы мүшелерінің жеке пайдалануы үшін Қазақстанға әкелінетін, одан

әкетілетін немесе онда пайдаланылатын жеке және үй мұлкіне салынатын кез келген тарифтер, алымдар, кедендік баждар, импортқа салынатын салықтар және басқа да ұқсас салықтар немесе төлемдер төлеуден босатылады. (С) Қазақстанға АҚШ Үкіметінің жәрдемдесу бағдарламаларын жүзеге асыруға байланысты Америка Құрама Штаттарының Үкіметі тартқан немесе ол үшін тартылған ұшақтар мен су кемелерінің қолжетімділігі немесе қозғалысы Қазақстан немесе оған есеп беретін органдар белгілеген әуеайлақ алымдарын, навигациялық төлемдер, порттық алымдар, баждар мен ұқсас төлемдерді төлеуден босатылады.

II бап. Персонал мәртебесі: АҚШ-тың жәрдемдесу бағдарламаларына байланысты Қазақстанда болатын АҚШ Үкіметінің азаматтық және әскери персоналына 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес әкімшілік және техникалық персоналға берілетін мәртебеге тең мәртебе берілетін болады.

III бап. Инспекция және аудит: Негізді сұрау салынған кезде Америка Құрама Штаттары Үкіметінің өкілдері кез келген тауарлар, жеткізілімдер, басқа меншік немесе АҚШ-тың жәрдемдесу бағдарламалары шеңберінде көрсетілетін қызметтер орналастырылған немесе пайдаланылатын жерлерде олардың пайдаланылуын тексереп алады; және АҚШ-тың Қазақстанға жәрдем көрсету кезеңі ішінде және кейінгі үш жыл ішінде осы жәрдемдесуге байланысты кез келген есептер немесе басқа құжаттама қайда болса да осындай есептерді немесе құжаттаманы инспекциялай алады немесе аудиторлық тексеру жүргізе алады.

IV бап. Жәрдемдесуді пайдалану: АҚШ-тың жәрдемдесу бағдарламалары шеңберінде берілетін кез келген тауарлар, жеткізілімдер немесе басқа меншік Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары Үкіметтері арасында келісілген мақсаттарға ғана пайдаланылатын болады. Егер кез келген тауарларды, жеткізілімдерді немесе басқа меншікті пайдалану осындай бағдарламалар шеңберінде келісілгеннен басқа мақсаттарда жүргізілсе және Құрама Штаттар Үкіметі мұны Қазақстан Үкіметінің тиісті әрекетімен болғызыбау әбден мүмкін деп айқындаса, Қазақстан Үкіметі сұрау бойынша Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне осы тауарларға, жеткізілімдерге немесе басқа меншікке жұмсалған соманы АҚШ долларымен өтейді. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі өзінің қалауы бойынша жәрдемдесудің басқа да шығасыларын қаржыландыру үшін өтелген соманы бере алады.

V бап. Басқа келісімдер: Қазақстан Үкіметі және Америка Құрама Штаттарының Үкіметі АҚШ-тың жәрдем көрсетуі жөніндегі қызметтің белгілі бір тараптарына қатысты одан арғы іс-қимылдың немесе келісімдердің қажеттілігі немесе ықтималдығы туындауы мүмкін екенін мойындайды. Осы келісім мен бұдан кейінгі осындай жазбаша келісімдер арасында қандай да бір сәйкесіздік болған жағдайда бұдан кейінгі жазбаша

келісімдердің ережелері қолданылатын болады. Осы келісімдегі ештеңе де басқа келісімдерге сәйкес персоналға берілген артықшылықтар мен иммунитеттерге қысым жасау деп талқыланбауға тиіс.

VI бап. Күшіне енуі: Осы келісім екі тарарап қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

1992 жылғы 20 мамырда Вашингтонда әрқайсысы орыс және ағылшын тілінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Қазақстан Үкіметі үшін

Америка Құрама Штаттарының

Үкіметі үшін

1992 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Жәрдем көрсетуді женілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімнің бұл мемлекеттік тілге аудармасының дәлдігін қуәландырамын.

Корпоративтік даму

департаментінің

Адами ресурстарды және

тілдерді дамыту

басқармасының бастығы

Б. Алтынбекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК